

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»

Факультет деканы

Байгутов К.А.

2025 ж.

«БВ111 Қызмет көрсету саласы» мамандарын даярлау бағыты бойынша  
«В092-Тынығу» білім беру бағдарламалары тобына (бакалавриат)  
түсушілердің арнайы (шығармашылық) емтиханы

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру бағдарламасы:  
БВ11102 – Мәдени-тынығу жұмысы

«В092-Тынығу» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсу  
емтиханының бағдарламасы «16» 05 2025 ж., «Музыкалық білім және  
Хореография» кафедрасының отырысының № 9 хаттамасымен талқыланды.

Кафедра меңгерушісі:  Кошербаев Ж.А.

Бағдарлама факультет кеңесінің «29» 05 2025 ж., № 9 хаттамасымен  
ұсынылды

Алматы, 2025 ж.

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» № 569 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы» № 327 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 327 бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (14.05.2024 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) № 600 бұйрығына сәйкес талданып жасалды.

Мәдени-тынығу жұмысы саласында кадрлар даярлау мәдени іс-шаралар мен мәдени-тынығу бағдарламаларын ұйымдастыру мен өткізу үшін қажетті кәсіби дағдылар мен білімді дамытуға бағытталған кешенді оқытуды қамтитын күрделі және көп қырлы үдеріс болып табылады. Бұл үдеріс мамандандырылған теориялық білімді тереңдете зерттеуді және нақты практикалық құзыреттерді игеруді қажет етеді. 6B11102 – Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды өнер факультеті кафедраларының профессорлары мен оқытушыларынан құралған арнайы емтихан комиссиясы қабылдайды. Арнайы (шығармашылық) емтихан «6B111 Қызмет көрсету саласы» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «6B111 – Қызметтер» саласындағы B092 - Тынығу (бакалавриат) білім беру бағдарламаларының топтарына түсетін барлық талапкерлер үшін міндетті болып табылады. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізу Үлгілік ережелердің 1-қосымшада келтірілген Тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары білімнің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарының нәтижелері ескеріле отырып, жүзеге асырылады. Жоғары білімнің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар адамдар 2 (екі) шығармашылық емтихан тапсырады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар 1 (бір) шығармашылық емтихан тапсырады. Жоғары білім кадрларын даярлаудың қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін ұқсас бағыттар

бойынша жоғары білімнің шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар 1 (бір) шығармашылық емтихан тапсырады. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 (елу) баллдық жүйе бойынша бағаланады. Жоғары білім кадрларын даярлаудың қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін ұқсас бағыттар бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 (жиырма) баллдық жүйе бойынша бағаланады.

## **1. Шығармашылық емтихандарды жүргізу тәртібі**

### **I - шығармашылық емтихан. «Орындаушылық шеберлік».**

«Орындаушылық шеберлік» шығармашылық емтиханы талапкерлердің шығармашылық қабілеттерін бағалауға арналған құрылымдық іс-шара. Емтихан үдерісі талапкердің таңдауы бойынша шығармашылық нөмірді орындаудан бастап, нақты белгіленген тәртіпке сәйкес құрылады, ол поэмадан үзінді оқуды, туындының эмоциясы мен мағынасын жеткізуде әдеби талант пен шеберлікті көрсетуге бағытталған өлең немесе әңгіме оқуды қамтуы мүмкін. Музыкалық қабілетті көрсету. Талапкердің өз шеберлігін әнді орындау немесе музыкалық аспапта ойнау арқылы көрсетуге мүмкіндігі бар, бұл үміткердің музыкалық техникасын, мәнерлілігін және музыкалық есте сақтау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Қозғалыстар үйлесімділігін, музыкалық және экспрессивтілігін бағалауға бағытталған би билеу. Сахналық қойылымның немесе этюдтің үзіндісін көрсету, бұл актерлік шеберлікті, рөлдің интерпретациялық қабілетін, сондай-ақ үміткердің шығармашылық қиялы ауқымын сыннан өткізеді.

### **II - шығармашылық емтиханы. «Ұйымдастыру-қойылымдық жұмыстар негізі».**

«Ұйымдастыру-қойылымдық жұмыс негіздері» пәні бойынша өтетін екінші шығармашылық емтихан үміткерлердің мәдени іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудегі кәсіби құзыреттіліктерін бағалаудың құрылымдық үдерісі болып табылады. Емтихан рәсімі талапкерлердің дайындық деңгейі мен шығармашылық әлеуетін анықтауға бағытталған бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады.

Талапкерлер екінші емтихан аясында концерттер, көрмелер, шеберлік сыныптары және мәдени-демалыс іс-шараларының басқа форматтары сияқты мәдени іс-шараның жобалық жұмысын ұсынады. Үміткерлер іс-шараны дайындау мен жүзеге асырудың егжей-тегжейлі жоспарын қамтитын жобалық тұсаукесер жасаулары, сондай-ақ бұл тақырыпты, форматты және мақсатты аудиторияны неге таңдап алғанын негіздеуі тиіс. Екінші емтиханның негізгі аспектісі емтихан комиссиясы алдында өз жобасын қорғап шығу болып табылады. Үміткерлер қорғау үдерісінде өз таңдауларын дәлелдеп, жобада ұсынылған ұйымдастырушылық шешімдерді негіздеушілік

қабілетін көрсетеді. Айрықша назар сыни тұрғыдан ойлауға, мүмкін болатын қиындықтарды алдын ала болжауға және оларды жеңу стратегиясын жасап шығуға аударылады.

Үміткерлер міндеттерді бөлуді, ресурстарды, бюджеттік есептеулер мен маркетингтік стратегияларды басқаруды қоса отырып, жұмыстың егжей-тегжейлі жоспарын жасайды. Негізгі мақсат үміткердің белгіленген уақыт пен қаржының аясына сай ойластырылған жобаны сәтті жүзеге асыруы мүмкіндігі болып табылады.

## **2. Шығармашылық емтихандарын жүргізу тәртібі**

Университетте оқуға түсудің шығармашылық емтихандарын тапсыру қабылдау комиссиясы бекіткен кестеге сәйкес офлайн форматта өткізіледі. Емтихан басталар алдында оқуға түсушілер үшін консультация ұйымдастырылады, онда пәндік комиссия мүшелері емтихандар тапсыру рәсімін, талаптар мен регламентті түсіндіреді.

Емтихан тапсыру ережелері бұзылған жағдайда оқуға түсушінің жұмысы бағалауға қабылданбайды. Ондай жұмыс жойылады және хаттамада емтихан алушылардың қолымен расталған жою себебі туралы жазба жасалады. Емтиханға кешігіп келген немесе дәлелді себеппен келмеген оқуға түсушілер бекітілген кесте шеңберінде 15 шілдеге дейін басқа уақытта емтихан тапсыруға құқылы. Бұған рұқсатты қабылдау комиссиясының төрағасы жазбаша өтініш пен емтиханнан қалып қоюдың дәлелді себебін растайтын құжат негізінде береді. Оқуға түсушінің сырқаттанып қалғаны емдеу мекемесінің мөрі басылған медициналық анықтамамен айғақталған немесе төтенше жағдай оқиғаларына (жол-көлік оқиғасын қоса алғанда) ұшырағаны тиісті мемлекеттік ұйыммен расталған деректері шығармашылық емтиханды жіберіп алуының дәлелді себептері болып табылады.

Дәлелді себептерсіз емтиханға келмеген оқуға түсушілер оны тапсыруға жіберілмейді.

Емтихан жұмыстарын тексеруді шығармашылық емтихандарды өткізу жөніндегі комиссия мүшелері ғана жүзеге асырады. Емтихан нәтижелері ведомостпен және хаттамамен ресімделеді.

## **3. Оқуға түсу шығармашылық емтихандарын бағалау өлшемдері**

Жоғары білімнің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына қабылдау шығармашылық емтихандарының нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Бұл емтихандардың мақсаты оқуға түсушілердің шығармашылық қабілеттері мен жеке бейімділіктеріне баға беру болып табылады.

Кафедра оқуға түсудің әрбір шығармашылық емтиханын білім беру бағдарламалары ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ұйымдастырады. Емтиханның ұзақтығы мен мазмұны, сондай-ақ бағалау өлшемдері университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен анықталады.

Әрбір шығармашылық емтиханды бағалау шкала бойынша жүргізіледі, онда толық оқу үшін (4 жыл) 50 баллдық жүйе, ал жеделдетілген оқу үшін (3 жыл) 20 баллдық жүйе қолданылады. Емтиханнан сәтті өту үшін қажетті ең төменгі деңгей кемінде 5 баллды құрайды.

Бірінші шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша белгіленген ең төменгі мөлшерден кем балл жинаған талапкерлер екінші шығармашылық емтиханға жіберілмейді.

**1-кесте. «Орындаушылық шеберлік» шығармашылық емтиханын бағалау өлшемі**

Бағалау өлшемдері	Толық оқу баллдары (4 жыл)	Қысқартылған оқу баллдары (3 жыл)
Таңдап алынған материалды орындаудағы кәсібилік және шеберлік деңгейі	8	2
Туындының эмоциясы мен мазмұнын берудегі тереңдігі	10	4
Жеке стиль және материалды түсіндіру	8	3
Үміткердің көрермендерді немесе тыңдаушыларды эмоциялық үн қосуға шақыра білу қабілеті	6	3
Түпнұсқалық немесе ұсынылған материалды ұсына білудің инновациялық әрекеті	4	2
Әртүрлі жанрлардың (музыкалық, би, театр және т.б.) талаптарына түсіністікпен келу	5	2
Орындаушының көрнекі тартымдылығы мен харизмасы	4	2
Сахна кеңістігін басқарудағы кәсібилік және аудиториямен өзара әрекеттесу	5	2
<b>Барлығы</b>	<b>50</b>	<b>20</b>

**2-кесте. «Ұйымдастыру-қойылымдық жұмыстар негізі» шығармашылық емтиханын бағалау өлшемі**

Бағалау өлшемдері	Толық оқу баллдары (4 жыл)
Ұйымдастыру-қойылымдық жұмыстың негізгі тұжырымдамалары мен қағидаттарын білу және түсіну тереңдігі	8
Үміткердің түпнұсқалық идеяларды ұсына білу қабілеті мен мәдени іс-шараларға арналған тұжырымдамасы	10

Жобаны әзірлеудегі шығармашылық ойлау мен сұңғылалық деңгейі	4
Жобалық жұмысты жасаудың дәлдігі мен толықтығы, іс-шараны дайындау жоспарының егжей-тегжейлігі және оны жүзеге асыру	4
Үміткердің барлық қажетті аспектілерді (міндеттерді бөлу, ресурстарды басқару, бюджеттік есептеулер, маркетингтік стратегиялар және т.б.) ескеру арқылы жасалған жоспарды ұсыну қабілеті	6
Іс-шараның тақырыбын, форматын және мақсатты аудиториясын таңдауды дәлелдей білу	5
Жобада ұсынылған ұйымдастырушылық шешімдер негіздемесі	4
Жоба тұсаукесерінің сапасы және өз идеяларын тиімді байланыстыра білу	4
Үміткердің ұсынылған уақыт пен қаржылық шектеулерге сәйкес ойластырылған жобаны іске асыру қабілеті	5
<b>Барлығы</b>	<b>50</b>

Факультеттің академиялық  
комитеттің жетекшісі



**З.Ж. Рабилова**